

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес шайнайтын кәмпитеттерді сыныштау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 7 ақпандағы № 17 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Майлыш компоненттер және (немесе) жеміс шырындары және (немесе) өсімдік экстрактілері және (немесе) бояғыш және дәмді-хош иісті қоспалары қосылған немесе қосылмаған қанттан және (немесе) қант шербаттарынан және желе заттарынан дайындалған шайнайтын консистенциясы бар қанттан жасалған кондитерлік өнімді білдіретін шайнайтын кәмпитеттер Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 1704 90 650 0 кіші қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян